

2026. 13 (3)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055 .
Vol. 13. Is. 3, pp. 738-752, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_738-752

POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN

Gulshat Ramazanovna Nurymbetova^{1*}, *Khankeldi Makhmutovich Abzhanov*²

^{1*} Abai Kazakh National Pedagogical University
(13 Dostyk Ave., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Political Sciences, Professor
Head of the Academician T.S. Sadykov Department of Modern and Contemporary History of Kazakhstan

 <https://orcid.org/0009-0002-4398-5076> e-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

*Corresponding author

² Abai Kazakh National Pedagogical University
(13 Dostyk Ave., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)
Academician, Doctor of Historical Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-1140-3855> e-mail: ata53@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026

© Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M., 2026

Abstract. Introduction. This paper examines the history of political repression in the USSR from the 1920s to the 1950s, including its development, implementation, and consequences. Archival documents are used to analyze the persecution of S. Seifullin and his family, as well as the charges brought against them. This approach enables a deeper understanding of the scale of repressive policies in Kazakhstan, as well as the nature and mechanisms of totalitarian rule. The significance of this study is further enhanced by the introduction of previously unexamined archival documents into scholarly discourse. The study of the consequences of the repressive policies of the totalitarian regime of the 1930s–1950s represents an important area of research in Russian historiography. Re-examining the causes of the political repressions against S. Seifullin and his family, as well as their consequences, on the basis of archival documents, is essential for restoring historical justice and strengthening national historical identity. *Goals and objectives* of the study are to analyze the socio-political activities of S. Seifullin based on archival documents, to reveal his creative personality in the history of the nation, as well as to identify the groundlessness of the accusations brought against him and to study the mechanisms of the repressive machine. To determine S. Seifullin's position in the public administration system, analyze investigative materials from the Great Terror, and elucidate G. Seifullin's role in his rehabilitation. The study draws on archival documents preserved in the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. Particular attention was given to archival investigative files, including materials that had previously been classified. A combination of historical-comparative, logical-analytical, problem-oriented, and specific historical methods was employed to systematize, analyze, and interpret the data. *Results.* The study reveals S. Seifullin's political activities aimed at protecting national interests. Archival documents demonstrate the systemic nature of political repression, as well as the mechanisms through which the image of the "enemy of the people" was constructed. Materials from investigative case files indicate that the

charges brought against S. Seifullin were fabricated, obtained under physical coercion, and accompanied by numerous violations of legal procedures. *Conclusion.* Studying repressive processes in Kazakhstan through an analysis of the fate of individuals and their families is essential for restoring historical justice and addressing "blank spots" in national history.

Keywords: enemy of the people, repression, archival documents, victim, totalitarian regime, family, secret, party, top secret rehabilitation

For citation: Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. Political Repression in Kazakhstan: The Fate of S. Seifullin// Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 738–752. (In Kaz.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_738–752

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ

Гүлшат Рамазанқызы Нұрымбетова^{1*}, Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов²

^{1*} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(13, Достық даңғылы, 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы)

саяси ғылымдарының докторы, профессор

академик Т.С. Садықов атындағы жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы

кафедрасының меңгерушісі

 <https://orcid.org/0009-0002-4398-5076> e-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

*Автор-корреспондент

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(13, Достық даңғылы, 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы)

ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-1140-3855> e-mail: ata53@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* XX ғасырдың 20-50 жылдарында КСРО аумағында орын алған саяси қуғын-сүргін тарихы, оның барысы мен салдары айқындалады. Архив құжаттарының негізінде С. Сейфуллин және оның отбасының қалай қуғындалғаны, оларға тағылған айыптар зерттеледі. Бұл өз кезегінде Қазақстанда жүргізілген қуғын-сүргін саясатының ауқымын, тоталитарлық биліктің мәні мен сипатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген жаңа архив құжаттарына талдау жұмыстың құндылығын арттырады. *Өзектілігі.* XX ғ. 30-50 жж. тоталитарлық биліктің қуғын-сүргін саясатының зардаптарын зерттеу - отандық тарих ғылымының маңызды бағыты. С. Сейфуллиннің және оның отбасы мүшелерінің саяси қуғын-сүргінге ұшырау себептері мен оның салдарларын архив құжаттарының негізінде қайта зерделеу ұлттық тарихи сананы жаңғырту үшін өзекті. *Мақаланың мақсаты* С. Сейфуллиннің қоғамдық-саяси қызметін архив құжаттарының негізінде талдай отырып, оның ұлт тарихындағы жасампаз тұлғасын ашу. Оған тағылған айыптардың жалған екенін және қуғын-сүргін машинасының жұмыс істеу тетіктерін көрсету. *Міндеттері.* С. Сейфуллиннің мемлекеттік қызметтегі ұстанымын анықтау. «Үлкен террор» кезіндегі тергеу істерінің құжаттарын талдау. С. Сейфуллинді ақтау үдерісіндегі әйелі Г. Сейфуллинаның рөлін анықтау. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеуді жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы Президенті архивінде сақталған құжаттар кеңінен пайдаланылды. Соның ішінде, бұған дейін құпия грифімен сақталған архивтік-тергеу істері ой елегінен өткізілді. Деректерді жүйелеу және түсіндіру үшін тарихи-салыстырмалы әдіс, логикалық ой қорыту, проблемалық, нақтылық сияқты әдіс-тәсілдері қолданылды. *Нәтижелер.* С. Сейфуллиннің ұлттық мүддені қорғауға бағытталған саяси қызметі көрсетілді. Қуғын-сүргіннің билікпен жоспарлы түрде жүзеге асырылғаны, «халық жауын» ұстап, қамауға алуға үлкен даярлықпен келетіні құжаттар арқылы дәлелденді. Тергеу материалдарының

негізінде С. Сейфуллинге тағылған айыптардың толықтай қолдан жасалғаны және физикалық қысым арқылы алынғаны, заңсыз әрекеттердің қолданылғаны анықталды. *Қорытынды.* Қазақстандағы қуғын-сүргін процесін жеке тұлғаның, оның отбасы тағдыры негізінде зерделеу - тарихи шындықты қалпына келтіру және ұлттық тарихты ақтандақтардан арылту үшін өте маңызды.

Түйін сөздер. Халық жауы, қуғын-сүргін, архив құжаттары, құрбан, тоталитарлық режим, отбасы, құпия, партия, аса құпия, ақтау

Дәйексөз үшін: Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін: С. Сейфуллин тағдыры // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 738–752 бб. (Қаз.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_738–752

ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА

Гүлшат Рамазановна Нұрымбетова^{1} Ханкельди Махмұтович Абжанов²*

^{1*} Казахский национальный педагогический университет им. Абая

(13, проспект Достык, Алматы, 050010, Республика Казахстан)

доктор политических наук, профессор, завкафедрой новой и новейшей истории Казахстана им. академика Т.С. Садыкова

<https://orcid.org/0009-0002-4398-5076> e-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

*Автор-корреспондент

² Казахский национальный педагогический университет им. Абая

(13, проспект Достык, Алматы, 050010, Республика Казахстан)

академик, доктор исторических наук, профессор

<https://orcid.org/0000-0002-1140-3855> e-mail: ata53@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Нұрымбетова Г.Р., Абжанов Х.М., 2026

Аннотация. *Введение.* В работе изложена история политических репрессий, имевших место в СССР в 20-50-е годы XX века, их ход и последствия. На основе архивных документов изучены преследования С. Сейфуллина и его семьи, предъявленные им обвинения. Это позволяет глубже понять масштабы репрессивной политики, проводившейся в Казахстане, сущность и природу тоталитарной власти. Ценность работы повышает анализ архивных документов, впервые вводимых в научный оборот в ходе исследования. Изучение последствий репрессивной политики тоталитарного режима 30-50-х годов XX века является важным направлением отечественной исторической науки. Переосмысление причин политических репрессий в отношении С. Сейфуллина и членов его семьи, а также их последствий на основе архивных документов имеет важное значение для восстановления исторической справедливости и укрепления национального исторического самосознания. *Цель исследования* – анализ общественно-политической деятельности С. Сейфуллина на основе архивных документов, раскрытие его созидательной роли в истории нации, а также выявление необоснованности выдвинутых против него обвинений и изучение механизмов функционирования репрессивной машины. *Цели и задачи исследования.* Определить позицию С. Сейфуллина в системе государственного управления, провести анализ материалов следственных дел периода «Большого террора», а также раскрыть роль Г. Сейфуллиной в процессе реабилитации С. Сейфуллина. В ходе исследования были использованы документы, хранящиеся в Архиве Президента Республики Казахстан. Особое внимание уделено архивно-следственным делам, ранее имевшим гриф секретности. Для анализа, систематизации и интерпретации полученных данных применялись историко-сравнительный, логический, проблемно-ориентированный и конкретно-исторический методы исследования. *Результаты.* В исследовании раскрыта политическая деятельность С. Сейфуллина,

направленная на защиту национальных интересов. На основе архивных документов показан системный характер политических репрессий, а также механизмы формирования образа «врага народа». Материалы следственных дел свидетельствуют о том, что обвинения, выдвинутые против С. Сейфуллина, носили сфабрикованный характер, были получены под физическим давлением и с применением незаконных действий. *Заключение.* Изучение репрессивных процессов в Казахстане на основе анализа судьбы отдельного человека и его семьи имеет важное значение для восстановления исторической справедливости и устранения «белых пятен» в национальной истории.

Ключевые слова: враг народа, репрессия, архивные документы, жертва, тоталитарный режим, семья, секретно, партия, совершенно секретно, реабилитация

Для цитирования: Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М. Политические репрессии в Казахстане: судьба С. Сейфуллина // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 738–752. (На каз.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_738–752

Кіріспе. Саяси қуғын-сүргін – Отан тарихының қасіретті беттері. Елімізде 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні – 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітіліп, жыл сайын атап өтіледі. Бұл күн жүздеген, мыңдаған жазықсыз адамдар негізсіз қуғын-сүргінге ұшырап, қылмыс жасады деп айыпталған, еңбекпен түзеу лагерлеріне және арнайы қоныстарға жіберілген ел тарихындағы қасіретті де қайғылы жылдарды еске түсіреді. Моральдық және физикалық азаптар қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздеріне ғана емес, олардың туыстары мен жақындарына да әсер етті. «Халық жаулары» таңбасы жазықсыз адамдар мен тұтас бір отбасының басына түсті. Террор мен жалған айыптардың салдарынан жүздеген мың адам қаза тапты. Саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандарының бірі - Сәкен Сейфуллин.

Ұлттық тарихты ақтаңдақтардан арылту - тәуелсіздігіміздің маңызды нышандары қатарында тұр. Бұл міндетті толық атқармай төл тарихымыз түгенделмейді әрі бабалар алдындағы перзенттік борышымыз да атқарылмайды. Нақты айтар болсақ жартыкеш тарих нағыз ғылымға жат құбылыс.

XX ғ. 30-50 жж. тоталитарлық биліктің қуғын-сүргін саясатын зерттеу - отан тарихының өзекті мәселелерінің бірі. Тоталитарлық билік жас-кәрі, әйел-еркек деп тандаған жоқ. Репрессия машинасы күн-түн демей жұмыс жасады. Кеңестік дәуірде бұл мәселе зерттеушілер үшін жабық тақырыптардың бірі болды. С. Сейфуллиннің қоғамдық-саяси қызметін, оның отбасы мүшелерінің саяси қуғын-сүргінге ұшырау себептері мен салдарларын архив құжаттарының негізінде қайта зерделеу ұлттық тарихи сананы жаңғырту үшін өзекті.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік базасын Қазақстан Республикасы Президенті архивінде сақталған құжаттар құрайды. Соның ішінде 139-қор РК(б)П Қырғыз (Қазақ) облыстық комитеті; 141-қор БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті; 352-қор ҚР Ішкі істер министрлігінің XX ғ. 20-50 жж. саяси қуғын-сүргін құжаттарының архивтік коллекциясы. 139-қорда С. Сейфуллиннің Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметіне қатысты құжаттар, ал 141-қорда С. Сейфуллиннің өмірбаяны, оған берілген мінездеме, партиялық құжаттар, т. б. сақталған. Бұл құжаттар сол кездегі елімізде болып жатқан өзгерістерге қатысты оның азаматтық позициясын анықтауға мүмкіндік берді. ҚР Ішкі істер министрлігінің арнайы мемлекеттік архивтерінен қабылданған архивтік-тергеу істерінен тұратын 352-қор материалдары да кеңінен пайдаланылды. Архивтік-тергеу істері келесі құжаттардан тұрады: «халық жауын» тұтқындауға берілген ордер, бұлтартпау шарасын таңдау және айыптау туралы қаулы, айыпталушының өмірбаяндық деректерінен тұратын жеке іс парағы мен анкетасы, үйін тінту тізбесі, жауап алу хаттамасы, айыпталушы туралы алдын ала дайындалған анықтама, айыптау қорытындысы, сот үкімі, ПХК үштігінің немесе ПХК жанындағы Ерекше кеңестің хаттамасынан үзінді, күштік және партиялық құрылым басшыларына жазылған хаттар мен өтініштер, оларға жазылған жауаптар. Осы құжаттарды пайдалана отырып, С. Сейфуллин мен оның отбасы мүшелерінің қудалану үдерісі зерделенді.

Мақаланы жазу барысында жинақтау, жүйелеу, талдау, сараптаумен қатар тарихи-салыстырмалы әдіс, логикалық ой қорыту, проблемалық, нақтылық сияқты ғылыми танымның тиімді әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Қазақстан тарихының тәуелсіздік кезеңінде ғылыми айналымға монографиялар, соңғы зерттеулер, ғылыми мақалалар және соңғы жылдары құпиясыздандырылған архив құжаттары бір жүйеге түсіріліп, құрылымдық және тұжырымдамалық талдау әдісі қолданылды. Бастысы саяси қуғын-сүргінге қатысты материалдар мен құжаттар тарихи сана мен жадыны қалыптастыру тұрғысынан пайымдалды. Тарихи-биографиялық әдіс жеке тұлғаның тағдырын зерттеу арқылы қуғын-сүргін тетіктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау. Саяси қуғын-сүргін мәселесі отандық зерттеушілер тарапынан түрлі жанрда қозғалады. Оған ғалымдардың монографиялары, кітапшалары арналса, жарияланған құжаттар жинағы тіптен көп. Алынған нәтижелері бойынша зерттеулерді 3 топқа жіктеуге болады. Бірінші топ тарихтағы ақтандақтарды жоюға септесе, екінші топ дискуссиялық мазмұнымен ерекшеленеді. Үшінші топ зерттеулері мәселенің бет-пердесін ғана сипап, ауыз толтырып айтатындай биікке көтеріле алмады.

Алайда, кезіндегі ПХК (НКВД) құжаттарының зерттеушілер үшін әлі күнге дейін қолжетімді болмауына байланысты ақиқаты диттеген мақсатына жеткен жоқ. Кезінде М. Шоқай 1936 жылы жазған мақаласында «... Кеңес өкіметі қуғын-сүргінге ұшырату, азапқа салу, аштыққа душар ету, атып өлтіру тәрізді шаралармен өз жоспарларын жүзеге асырып келеді» (Шоқай, 1999: 8) деп кеңес өкіметінің тоталитарлық мәнін дәл анықтапты. Яғни тоталитарлық билік пен саяси қуғын-сүргіннің тұтас құбылыс екенін негіздеді. XX ғ. екінші жартысында тоталитарлық тұжырым аясында саяси қуғын-сүргін мәселесін зерттеген Х. Арендт (Арендт, 1996), Р. Арон (Арон, 1993), Р. Конквест (Конквест, 1991), З. Бжезинский, К. Фридрих (Бжезинский, Фридрих, 1993) еңбектері жарық көрді.

Айта кеткен жөн, кеңестік дәуірде тақырып зерттеушілер үшін жабық болды.. Сондықтан тек тәуелсіздік жылдарында отандық зерттеушілерге саяси қуғын-сүргін ақтандақтарын зерттеп, ақиқатты айтуға мүмкіндік туды. Ұзақ жылдар бойы бұрмаланған тарих ақтандақтары ақтарылып, зерттеушілер үшін жабық болып келген архив деректері ғылыми айналымға енгізілді. Тарихшылар үшін ақ түйенің қарны жарылды деуімізге болады. Зерттеулер келесі бағыттарда жүзеге асырылды: саяси қуғын-сүргіннің табиғаты мен мәні (Қозыбаев, 1994; Қойгелдиев, Омарбеков, 1993), Алаш қайраткерлерінің қудалануы (Нұрпейісов, 1995; Қойгелдиев, 1995), лагерлер тарихы (Шаймұханов, Шаймұханова 1997; Ділманов 2002; Кукушкина, 2002), халық көтерілістері (Омарбеков 1997; Омарбеков 2018; Алланиязов 2002), этникалық топтардың қасіреті (Алдажуманов 1997; Калыбекова 2008), жекелеген азаматтардың қудалануы, олардың тағдыры (Қыдыралина 2015; Салқынбек 2013; Булатова 2013), қуғын-сүргін механизмі (Қозыбаев, 2019; Жанбосинова 2020) т. б.

С. Сейфуллиннің қуғын-сүргінге ұшырауы мәселесінің зерттелуіне келетін болсақ, тақырып зерттеушілер назарынан тыс қалмаған. Алайда, зерттеулердің басым көпшілігі С. Сейфуллиннің өмірі мен қызметіне, шығармашылығына арналған. Сәкеннің 1958 жылы азаматтық және партиялық тұрғыдан ақталуы оның шығармашылығын зерттеуге жол ашты. С. Сейфуллиннің шығармашылығын зерттеуде Е. Ысмайлов (Ысмайлов, 1958), С. Қирабаев (Қирабаев, 1962, 1974), Т. Кәкішев (Кәкішев, 1967, 1968, 1976) айқын нәтижелерге қол жеткізді. Елімізде қайта құрудың басталуымен тарихи тұлғалардың қызметін бағалауда мүмкіншіліктер молайды. Бұған дәлел осы жылдарда жарық көрген Т. Кәкішевтің еңбектері (Кәкішев, 1989).

«Кеңес заманы дегеннің серкесі де, еркесі де, жыршысы да, жаршысы болған Сәкенді қайтеміз? Оның тарихтағы орны қайсы? Қандай ісін қадірлейміз, қандай әрекетін мансұқтаймыз? «деген сұрақтарға жауап іздеген Тұрсынбек Кәкішевтің (Кәкішев, 1997, 2005) тәуелсіздік тұсында жарық көрген еңбектерінің орны ерекше. Сондай-ақ, «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссенің түпнұсқасын зерттеген К. Ахметованың, Н. Жуанышбековтің (Джуанышбеков, 2000), тарихшы-ғалым М. Әбсеметовтың (Абсеметов, 2006), музыкалық

мұрасын зерттеген С. Оспановтың еңбектері жарық көрді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құжаттары негізінде Сәкен өмірінің соңғы күндерін зерттеген жазушы-журналист А. Кәкен (Кәкен, 2004, 2019) еңбектерінің орны бөлек.

Сондай-ақ, 2010 жылы «Сәкен Сейфуллин» энциклопедиясы жарық көрді. Астанадағы С. Сейфуллин мұражайы 2015 жылдан бастап «Сырсандық» деген сериямен Сәкен туралы және Сәкен айналасы, оның өскен ортасы жайында кітап шығарып келеді. Осы жылдарда Сәкентанудың негізі қаланған деп сеніммен айта аламыз. Әр түрлі зерттеулерді ой елегінен өткізе отырып, еңбектердің негізгі дені Сәкеннің шығармаларын зерттеуге, талдауға арналған деген қорытындыға келдік. Әрине, бұл еңбектер С. Сейфуллиннің тарихи рөлін, әсіресе шығармашылығын бағалауға мүмкіндік берері сөзсіз.

Алайда, Сәкенге қатысты ашылмаған деректер әлі де жеткілікті. Оны танып, зерттеу заманауи зерттеушілер парызы. Соның ішінде, ұзақ уақыт құпия сақталған С. Сейфуллиннің архивтік-қылмыстық ісінің маңызы ерекше. Мұнсыз қуғын-сүргін тетіктерін, оның отбасының қасіретін ашу мүмкін емес. Бұл құжаттарды өз зерттеулерінде Т. Кәкішев те (Кәкішев, 1994), А. Кәкен де (Кәкен, 1996) пайдаланған. Айта кеткен жөн, бұл еңбектер деректік хикаят жанрында жазылған. Сондай-ақ, архивтік-тергеу ісі толық қолжетімді болмаған. Осыған орай, біз кейбір деректерді ғылыми айналымға алғаш рет енгізіп отырмыз.

Нәтижелер. Сәкен Сейфуллин 1894 жылы қазіргі Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданындағы Қарашілік деген жерде дүниеге келген. Әкесі Сейфолла, шешесі Жамал өз ортасында беделді, сөзге шешен, өнерге жақын жандар болған екен. Сәкеннің ата-анасының азан шақырып қойған есімі – Сәдуақас. Алайда, оны анасы еркелетіп Сәкен деп кеткен. Осылайша, ол Сәкен есімімен өз ортасына ғана емес бүкіл әлемге танылды.

Президент Архивінің қорларында 1923 ж. 6 тамызда жазған өмірбаяны сақталған (ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 1607 іс, 9-15-п.). Өмірбаянымен таныса отырып, оның өмірлік басымдықтары мен құндылықтарын анық байқауға болады. Бұл, бірінші кезекте, білім мен білім алуға құштарлық. Ауыл молдасынан сауатын ашып, орыс-қырғыз училищесі, приход және қалалық училищелерде білім алып, кейін Омбыдағы мұғалімдер семинариясын тәмамдаған. Сондай-ақ, Архивте Сәкеннің 1916 жылы Омбы мұғалімдер семинариясын тәмамдағаны туралы куәлігі де сақталған. Куәлікте Сәдуақас Сейфуллинге бастауыш училище мұғалімі атағы берілгені жазылған (ҚР ПА, 141-қ. 16-т. 1229-іс. 19-20 п.).

Екіншіден, патшалық тәртіпке қарсы күресуді мақсат тұтқан қазақ жастарын біріктірген мәдени-ағартушылық «Бірлік» үйірмесін құруға атсалысуы, оның белсенді азаматтық және саяси ұстанымының дәлелі. Үшіншіден, Ақмола қаласы мен уезінде кеңестік билікті орнатуға белсене қатысуы, БОАК мүшесі, ХКК төрағасы болуы оның көшбасшылық қасиеті мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсетеді. Төртіншіден, 1917 жылдан кейін қоғамдағы әйелдер теңдігін орнату, «қалың малды жою» сияқты реформаларды қолдауы әлеуметтік реформалар жағында екенін дәлелдейді.

Мұны РК(б)П Қырбком хатшысы Коростелевтің 1922 ж. 17 қарашада ҚАКСР Халкомкеңесінің Төрағасы С. Сейфуллинге берген мінездемесінен де көруімізге болады. Құжатта С. Сейфуллин идеологиялық тұрғыдан сенімді, талантты әдебиетші және іскер, сенімді басшы ретінде сипатталған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 1229 іс. 18-п.).

Сәкен өзін іскер басшы ретінде 1920 жылы қазан айында дүниеге келген Қазақ АКСР-дағы мемлекеттік қызметінде көрсете алды: 1922 ж. 13 маусымда оқу халық комиссарының орынбасары және республикалық «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болып тағайындалады. 1922 ж. қазанында РСФСР Қырғыз (Қазақ) АССР ІІІ съезінің шешімі бойынша Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып сайланды. Сәкеннің кемел мемлекеттік тұлғаға тән қасиеттері Үкімет басшысы лауазымында отырған 1922–1924 жылдары барынша жарқырай көрінді. Халком кеңесінің отырысын алғаш өткізген 1922 жылғы 1 қараша күні күн тәртібіндегі бірінші орында жалпыазаматтық салық жинау және аштарға көмекті ұйымдастыру мәселесі тұрды. Бұған дейін де ашаршылық жайын өлеңдерінде, мерзімді баспасөз бетінде жариялаған мақалаларында көтерген еді. Енді ең жоғары мемлекеттік билік

деңгейінде шешім қабылдады. Жарты ай өткенде 16 қараша күні Қазақ Орталық Атқару комитеті жанындағы ашаршылық салдарымен күрес бойынша құрылған комиссия туралы ережені мақұлдап, құжатқа С. Меңдешев, Ж. Сәдуақасов қол қойды.

Үкімет республика өмірінің бар саласын басқару және ұйымдастыру міндеттерін шешіп отырды. Ол Қазақ жерін жинаудан студенттердің шәкіртақысын белгілеуге дейін қамтып жатты. Мысалы, қазақ жастарының тегін оқып, білім алуына 1922 жылы 6 желтоқсанда мемлекеттік бюджеттен - 425 шәкіртақы, 1923 жылы 26 қыркүйекте - 1130, ал 1924 жылы - 1165 шәкіртақы бөлінген.


Жаңа экономикалық саясат алғашқы нәтижелерін бере бастағанда шапшаң әрі батыл қадамдарға бару қажеттігі өсті. Әсіресе, банк-қаржы саласында біліктілікпен жұмыс істеу ауадай қажет еді. Ізденістің арқасында алғашқы жинақ кассасы ашылды, тұңғыш рет республикалық лотерея ойынатылды. Қазақстанның бірінші Жер кодексі қабылданды. Қоянды жәрмеңкесі қайта жанданды.

Патша заманынан қазақты «киргиз» атандырған саяси қателікті түзеткен де Сәкен. 1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деп дабыл көтерсе, сол жылы кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізуге бастамашылдық танытты. 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне кеңсе қағаздарын қазақ тілінде жүргізу туралы мақалаларын жариялап, осы істің басы-қасында жүрді. Нәтижесінде 1923 жылы 22 қарашада ҚазАССР Орталық атқару комитеті кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу туралы тұңғыш декретін қабылдайды. Бұл 1924 жылы 7 сәуірде РКП(б) Қырғыз облыстық комитетіне жолдаған құпия баянхатында да көрініс тапқанын көреміз. Баянхатта ауыл шаруашылығы, тауар айналымы, бюджет және өлкелік органдарда іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізуді талап етті. Құжатта «Халкомдар мен өлкелік органдардың барлығы Халық комиссарлар кеңесіне бекітуге енгізетін құжаттардың жобаларын қазақ тілінде енгізуі тиіс» (ҚР ПА, 139-қ., 1-т., 604 іс. 16-17 п.) екені нақты көрсетілген.

1923 жылдың және бір айтулы оқиғасы ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының 50 жылдығын тойлау еді. Президент Архивінде А. Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын атап өтуге қатысты екі құжат сақталған. Бірі – 1923 жылы 18 қаңтарда өткен Қырғыз АКСР Халық ағарту комиссариаты алқа жиынының хаттамасы. Алқа жиынында күн тәртібіне А. Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойын атап өту туралы сұрақ қойылып, 8 тармақтан тұратын шешім қабылданған. Қаулыны жүзеге асыру үшін комиссия құру да қарастырылған еді. Алайда, партиялық өктемдік қабылданған шешімді орындауға мүмкіндік бермеді. Тоталитарлық жүйенің осынау өктемдігі кейін мейлінше асқынып кетті.

Іле-шала 1923 жылы 23 қаңтарда өткен РКП(б) Қырғыз облыстық комитеті мәжілісінде екінші құжат қабылданады. Партия мерейтойдың советтік органдармен ұйымдастырылуына жол бермеуді шешеді. Алайда, жеке тұлғалардың мерейтойды атап өтуіне қарсылық көрсетпеу дұрыс деп ұйғарылған. Мерейтойда совет органдарының атынан сөйлейтін жолдастардың сөздерінің мазмұнына жауапкершілік С. Сейфуллинге жүктелген. Сәкен бұл жолы да жауапкершіліктен бас тартқан жоқ, үдерістен сырт қалған жоқ. «Өзі үшін ұлтшыл болған кулардан бөлініп, Ахмет сол ұлт қамы үшін коммунист партиясына да кірді. Әрине, Ахмет коммунист партиясында да көп бола алмады. Көп бола алмайтыны белгілі еді... Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек, таза ұлтшыл» (Байтұрсынов, 2013) дегені ақиқатты айта алғаны турашылдығының, әділдігінің көрсеткіші.

1925 жылы 7 сәуірде БК(б)П Қазөлкекомының бюро мәжілісінің қаулысымен С. Сейфуллин ҚАКСР ағарту халкоматы Ғылыми комиссиясының төрағасы болып тағайындалады. «Аса құпия» грифімен дайындалған құжатта оған әдеби-шығармашылық жұмыспен кеңірек айналысу мүмкіндігін беру мақсатында деп көрсетіліпті. Ал 1926 жылы 22 маусымда оған Қазақ өлкелік комитетінің Партия тарихы бөлімінің меңгерушісі қызметін қоса атқару жүктеледі. Осы жұмысының аясында 1927 жылы қазан төңкерісінің 10 жылдығының қарсаңында С. Сейфуллиннің жетекшілігімен Партия тарихы институты 1928-



1-сурет. С. Сейфуллиннің БКП (б) Қазақ өлкелік комитетіне жазған өтініші.

1928 жыл 8 қыркүйек

ҚР ПА. 141 қ., 1 т., 2219 іс, 70 п.

(Figure 1. Application of S. Seifullin to the Kazakh Regional Committee of the CPC (B).

September 8, 1928

PA RK. 141 P., T. 1, 2219 cases, 70 p.)

1936 жылдар аралығында ағартушылық, оқытушылық жұмыстарына бет бұрады. Президент архиві қорларында С. Сейфуллиннің БКП (б) Қазақ өлкелік комитетіне 1928 жылы 8 қыркүйекте әдебиет ісімен тереңдетіп айналысуға ниет қылғандықтан партиялық жиналыстардан басқа жұмыс пен міндеттерден босату туралы жазған өтінішінің түпнұсқасы сақталыпты. Бұл құнды құжат. Себебі С. Сейфуллиннің өз қолымен жазылған (1-сурет).

Осы уақыттан бастап С. Сейфуллин ресми партиялық-советтік қызмет атқармаған. Шығармашылықпен айналысып, өзінің «Қызыл сұңқар», «Тар жол, тайғақ кешу», «Қызыл ат», т. б. еңбектерін жазған.

Алайда, 1937-1938 жж. орын алған Үлкен террор Сәкенді айналып өтпеді. Тоталитарлық билік Сәкенді «халық жауы» деп айыптауға үлкен даярлықпен келгенін көреміз. 1929 жылы 16 қазанда партиялық тексеруден өту барысында қабылданған қаулыда оған «жікшілдікке, күйректікке салынды,... табы жат элементке партиялық кепілдеме берді» деген айыптар тағылып, мойындатылған. Профессорлар Х. Әбжанов пен Б. Исабектің пікірінше партиялық кепілдеме ҰҒА академигі Р. Сүйлейменовтің әкесі Б. Сүйлейменовке берілген еді. Белгілі сәкентанушы Т. Кәкішевтің «Сәкен басына ала шарбы бұлт өзінің творчестволық еңбегіне 20 жыл толарына дейін-ақ үйірілген болатын» (Кәкішев, 1994: 41) деген пікірімен толық келісеміз. Сәкенге саяси сын шамамен 1937 жылдың шілде айынан ашық айтыла бастаған. Т. Елеуовтің «Жазушылар одағындағы жағдай» атты үлкен мақаласы жарық көріп, онда С. Сейфуллинге «ұлтшылдық уклон, әдебиеттегі пантюркизм элементінің көрінісі ретіндегі» «сейфуллиншілдікті» қалыптастырды деген кінә тағылған. Жала жабу 1937 жылы 16 қыркүйекте «Казахстанская правда» газетінде жарияланған «Қазақстанның жазушылар одағынан ұлтшыл-фашист жексұрындарды жою» атты көлемді мақалада жалғасын тапты. Мақаланың алғашқы жолынан-ақ қазақ әдебиетіндегі жауларды іздеу, олардың көзін құртуға

бағытталғаны бірден байқалады. Алашордалықтарды қазақ халқының жаулары, ал қазақ жазушылары оларды ақтады деп кінәлайды. Тоғжанов - бандит, І. Жансүгіров - ұлтшыл-фашист деп бағаланған. Ал бұл жерде жазушы С. Сейфуллинге ерекше көңіл бөлген жөн, – деп өздерінің басты кімді көздегендерін ашып айтқан. Оның кезінде партияға қарсы ұлтшыл сейфуллиншілер тобын құрып, өзінің топшылдық позициясынан ешуақытта бас тартпағаны сыналады. Сондай-ақ, Сәкеннің «Қызыл сұңқар», «Тар жол тайғақ кешу» еңбектерін сынап, түкке тұрғысыз еткен.

1936 жылы шілде айында С. Сейфуллин шығармашылығының 20 жылдығы республика деңгейінде атап өтіліп, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталғаны белгілі. Қазақ Орталық атқару комитеті президиумының 1936 жылы 10 шілдеде «Жазушы Сейфуллиннің шығармашылық қызметінің 20 жылдық мерейтойын атап өту туралы» қаулы қабылдап, оның есімін Семей қаласындағы мұғалімдер институтына, І-Алматы станциясындағы толық емес қазақ орта мектебіне, Ақмола қаласындағы Училище көшесіне, Көкшетау қаласындағы Набережная көшесіне, Қарағанды-Балхаш темір жолындағы №11 разъездге беру ұйғарылған еді. Бұл қаулы «Қазақ әдебиеті» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған. БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті, ҚазАССР ХКК, КСРО Жазушылар одағы, БЛКЖО қазақ өлкелік комитеті, қырғыз жазушылары оны әдеби қызметінің 20 жылдығымен құттықтап, жедел хаттар жолдаған. Өкінішке орай, бір жыл өтер-өтпестен орден иегері С. Сейфуллин халық жауына айналды. Қабылданған шешім қағаз жүзінде қалады.

Сонымен, 16 қыркүйектегі мақалаға оралайық, ондағы басты тезистер Сәкеннің айыптау қорытындысынан көрініс тапқан. Демек, Сәкенді «халық жауы» деп айыптау алдын ала дайындалған, жоспарланған, тіпті сценарийі жазылған деуімізге болады.

Осы мақала жарық көргеннен кейін, 1937 жылдың 24 қыркүйегінде тұтқындалды. Ертесіне, 25 қыркүйекте қабылданған бұлтартпау шараларын таңдау мен айып тағу туралы қаулыда Сәкен Сейфуллиннің троцкистермен және оңшылдармен байланысы бар антисоветтік ұлтшыл ұйымның мүшесі деген айыппен тұтқындалғаны көрсетілген. Антисоветтік ұлтшыл жұмысты белсенді жүргізгені үшін РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-11-бабы бойынша айыпталып, ҚазССР ІХК ішкі тергеу түрмесіне қамауға алынған. Сол күні үйінде тінту жүріп, хаттама толтырылған. Тінту хаттамасына сәйкес 2 тізбе жасалған: бірінде - кітаптар мен хат алмасулар тізбесі, екіншісі - мүлкін тәркілеу туралы тізбе. Бір тізбе бойынша 483 кітап, 4 папкадағы хат алмасулар, 2 фотоальбом, 25 дана әртүрлі дәптерлер мен блокноттар, 14 папкадағы қолжазба, жинақталмаған әртүрлі қолжазбалар; екінші тізбе бойынша автокөлік, тон, диван, кілемдер тәркіленген. Сондай-ақ, «Еңбек Қызыл Ту» ордені кітапшасымен, «Қазақстанға 15 жыл» значогі куәлігімен, партиялық билеті, әскери билеті де тәркіленген (ҚР ПА. 352 қ. 1 т. 4519 іс. 1 том. 5-6 п.). Өкінішке орай, Сәкен ақталғаннан кейін әйелі Гүлбахрамның тәркіленген кітаптар мен қолжазбаларды, мүлікті қайтару туралы әртүрлі деңгейдегі органдарға жазған өтініштері толыққанды орындалған жоқ.

Құжаттардан қамауға алынған Сәкенді қаралау мен күйелеу оны партия қатарынан шығару шарасымен жалғасын тапқанын көреміз. 1937 жылдың 27 қыркүйегіндегі Алматы қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде С. Сейфуллин халық жауы болуына байланысты партиядан шығарылсын деген шешім қабылданған.

Архивтік қылмыстық-тергеу ісімен таныса отырып, Сәкеннен жауаптың арада 1 айдай уақыт өткен соң алғанын байқадық. Алғашқы жауап алу хаттамасы 1937 жылдың 20 қарашасында толтырылған. Ал, 6-8 қазан аралығында ІХК мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы қызметкерлерінен түскен бір емес бірнеше акті мен рапорт бар. 6-7 қазанда «С. Сейфуллин көрсету беруден бас тартты» деген 2 акті жасалса, ал 8 қазанда оның көрсету беруден үзілді-кесілді бас тартып, бағынбағаны туралы рапорт берілген. Сонда 1, 5 айға жуық С. Сейфулинді адам төзгісіз жауап алу әдістерін қолдана отырып, айтқанға көндіру, мойындату жұмыстары жүргізілген. Кейін бұл туралы Сейфуллиннің ісін жүргізген ІХК қызметкерлерінің бірі былай көрсетіпті: «... Тұтқындағы адамдарға қатысты 1937/1938 жылдарда тергеу барысында рұқсат етілмеген әдістер қолданылатын. Соның ішінде, үздіксіз жауап алу, ұйқыдан айыру, ұзақ уақыт тамақ бермей аш ұстау, ұрып-соғу. Әдетте алғашқы

кезде әрбір тұтқынмен ол өзінің «қылмыстық әрекетін» мойындап, көрсетулер бермейінше конвейер жүйесі бойынша бірнеше адам жұмыс жасайтын» десе, екіншісі «... Жазушы Сейфуллин ісін жүргізу барысында мен онымен ол контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға қатысқанын мойындамаған кезде бірнеше рет кездестім. Бұл кездесулер кезінде оның қатты шаршап отыратынын байқадым, шамасы оны бұрышқа қойып, демалуға мүмкіндік бермеген болар» (ҚР ПА. 352 қ. 1 т. 4519 іс. 7 том. 62 п.) деп көрсетіпті. Осылайша кінәсін мойындауға дайын адамнан жауап алынатын болған.

Қамауға алынған күннен бастап соңғы үкім шыққанға дейін, 1937 жылдың 20 қарашасы - 1938 жылдың 10 ақпаны аралығында, одан 8 рет жауап алынған екен. Жалпы тергеу барысында Сәкеннің 1922^{1*} жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «антисоветтік, ұлтшыл, террористік-көтерілісшіл және тыңшылық-бүлікшіл ұйымның белсенді мүшесі болғанын» дәлелдеу төңірегінде жауап алынған. Соған сәйкес сұрақтар қойылып, ол ұйымда кімдер болғаны, яғни кімдер туралы айтылуы керек екені қойылған сұрақтар арқылы бағытталып отырған. Арасын суытпай дәл осы сұрақтар куәгерлерге қойылып, жауап алынған. Тергеу барысында берілген жауаптардың шындыққа жуыспайтынын, кінәсін мойындамайтынын С. Сейфуллин өзінің соңғы сөзінде де айтқан.

Осы кездері кездесуге қолы жеткен әйелі Гүлбахрам Сәкеннің қандай халде болғаны жайында былай деп еске алады: «... 1938 жылдың 8 февралі күні мені Сәкеніме жолықтырды.... Қарсы алдымда кірпігі көзіне жабысып, өңі құп-қу Сәкенім отыр. Нарттай беті қарайып кеткен. Жағы суалған. Қайратты қара шашын сыпырып тастапты. Сонда да көмірдей қара шашының төрт-бес айда ағарып кеткені көрініп тұр. Көз жанары сөнген. Өң жоқ. Екі ұрты ішіне кіріп кеткен» (Сырсандық, 2015).

Бұл Сәкенге қатысты қылмыстық істің аяқталуына аз уақыт қалған кез екен. Арада екі апта өтер-өтпестен, 1937 жылы 21 желтоқсанда айыптау қорытындысы әзірленген, ал 22 желтоқсанда КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегия сотына беру туралы қаулы қабылданған. Айыптау қорытындысына сәйкес С. Сейфуллин РСФСР ҚК 58 бабының 2, 8, 11 баптарында көзделген қылмыстарды жасады, яғни:

1. Кеңеске қарсы, ұлтшыл, террористік және шпиондық-диверсиялық ұйымның белсенді мүшесі болған;

2. Жасырын троцкистік және ұлтшыл ұйымның жетекшісі болуына орай 1922 жылдан Кеңес билігі мен БК(б)П қарсы контрреволюциялық күрес жүргізді;

3. Ұйымның террористік қызметіне атсалысқан;

4. Әдебиет саласында кеңеске қарсы зиянкестік жұмыспен айналысқан;

5. Ұйымға адамдарды жалдау ісін белсенді жүргізген;

6. 1936 ж. кеңеске қарсы жұмыс жасау мақсатында халық жауы Сокольниковпен^{2*} байланыс орнатқан деп айыпталды (ҚР ПА. 352 қ. 1 т. 4519 іс. 1 том. 161 п.).

Әрине, бұл айыптардың бірде-бірі шындыққа жуыспайтын еді. Бірақ, соған қарамастан 1938 жылы 25 ақпанда, КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының көшпелі сессиясының жабық мәжілісінде С. Сейфуллин ісі қаралып, 20 минутта үкім шығарылған. С. Сейфуллин өзінің соңғы сөзінде ешқандай да контрреволюциялық ұйымның мүшесі болмағанын, алдын ала тергеу кезінде кінәсін мойындауға мәжбүрлі болғанын айтқан. Алайда, бұл үкімге ешбір әсер етпеген. Үкім сол күні-ақ орындалған.

Алайда, оның туған-туыстары, жақындары Сәкеннің 1938 жылы 25 ақпанда атылғанын ол ақталған 1957 жылы бір-ақ білген. Сәкеннің әйелі Гүлбахрам 1940 жылы 8 қазанда ҚазССР ІХК өзінің күйеуінің тағдыры туралы өтініш жазыпты. Онда «... Маған әлі күнге дейін күйеуімнің тағдыры белгісіз. Сондықтан менің күйеуімнің тағдыры жайлы хабар беруіңізді

^{1*} Президент архиві қорында 1923 ж. МСБ қызметкері И.Д. Каширинмен дайындалған Алаш-Орда жағдайы мен оның қызметі, қырғыз ұлтшыл ұйымдары туралы баянхаты бар. Онда қазақ зиялыларының арасындағы топшылдық баяндалған.

^{2*} БОАК Түрккомиссиясының және РСФСР ХКК төрағасы, РСФСР қаржы халкомы және оның орынбасары т. б. қызметтерді атқарған. Жазушы Г. Серебрякованың күйеуі.

сұраймын. Егер мүмкін болса, оған зат беруге рұқсат етуіңізді сұраймын» деп (ҚР ПА. 352 қ. 1 т. 4519 іс. 8 том. 18 п.) аяқтапты.

Саяси қуғын-сүргіннің шектен шыққан түрі «халық жауының» отбасын ойрандау еді. Отбасын ойрандау үй иесін оқшаулаумен басталды. Большевиктер мұнымен ғана тынған жоқ. Олар тұтқындалған жанның әйелін де, балаларын да, тіпті жақын туған-туыстарын да аяусыз жазалады.

1937 жылы 5 шілдеде БКП (б) Орталық комитетінің Саяси бюросы «Отанын сатқан отбасы мүшелері туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыға сәйкес «әшкереленген оңшыл-троцкистік шпиондар, отанын сатқандардың әйелдері лагерлерге кем дегенде 5-8 жылға отырғызылады», ал балалары – балалар үйі мен жабық интернаттарға жіберілді. Осы мақсатта Нарым өлкесі мен Қазақстанның Торғай ауданында арнайы лагерь ашу ұсынылды. Балаларды Москва, Ленинград, Киев, Тифлис, Минск, шекарада орналасқан қалалардан тыс жерлерге орналастыру ұсынылды.

Отанын сатқан отбасы мүшесі болып 58-ші баппен айыпталушының жақын туыстары есептелді. Яғни әкесі, шешесі, күйеуі, әйелі, ұлдары, қыздары, егер айыпталушымен бірге тұрған жағдайда аға-қарындастары. Осылайша оларға ресми түрде «Отанын сатқан отбасылар мүшесі» (ЧСИР) деген атау таңылды. Олар жаппай сайлау құқынан айырылды. Отанын сатқан отбасы мүшесі өмір бойына таңба болып қалды, кәсіп таңдағанда, білім алғанда, тіптен тұратын жерге де әсер етті.

Осы принциппен жұмыс жасаған тоталитарлық билік Сәкенді қудалаумен шектелмей, оның отбасын да қудалай бастайды. Бірінші кезекте «халық жауының» әкесі ретінде, 71 жастағы Сейфулла Оспанов тұтқындалған. Ол 1937 жылдың 25 қарашасында қамауға алынған. Оған Жаңаарқадағы контрреволюциялық ұлтшыл-фашистік ұйымның мүшесі, егін егу кезінде колхозшыларды зиянкестікпен айналысуға үгіттеді, тұқым ұрлаған деген айып таққан. С. Оспановпен бірге Сәкеннің үзеңгілес досы, Омбы семинариясында бірге оқыған, кейін де ара-қатынасы үзілмеген Жанайдар Сәдуақасовтың әкесі де қамауға алыныпты. Ж. Сәдуақасовтың Сәкеннің өзімен қатар атылғаны да белгілі. Бар-жоғы 10 күннің ішінде, 5 желтоқсанда, оларға қатысты айыптау қорытындысы жарияланған. Жалпы тұтқындалған 29 адамның 21-і ату жазасына кесілген, ал қалғандары 8-10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Бұлардың барлығы Жаңаарқа өңірінің тумалары еді.

Сәкен атылғаннан кейін, 1938 жылы 17 наурызда Отанын сатқан Сейфуллиннің отбасына анықтама толтырылған. Бұл кімнің отбасы, не үшін, қандай жаза алғаны және қашан жазаланғаны, отбасы құрамы, 15 жастан үлкен балаларға сипаттама, әйеліне қатысты компромат туралы мәліметтерден тұратын анықтама қауіпсіздік комитетінің қызметкерлерімен міндетті түрде толтырылатын құжаттардың бірі еді. С. Сейфуллиннің отбасына қатысты анықтамада отбасы құрамында әйелі Гүлбахрам, қарындасы Гүлбану, ұлы Аян көрсетіліпті. Көп ұзамай, кезек әйелі Гүлбахрамға келеді. Ол 1938 жылдың 9 сәуірінде тұтқындалады. Оған күйеуінің совет үкіметіне қарсы қызметін біле тұра, оны жасырды деген айып тағылған. Кейбір зерттеулерде Гүлбахрам лагерьде отырған деген ақпарат та кездеседі. Бірақ құжаттарға сүйенсек ол КСРО НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1938 жылғы 10 маусымдағы шешімімен әлеуметтік қауіпті элемент ретінде 2 жылға бақылауға алынған. Сондай-ақ, АЛЖИР және Карлаг лагерьлерінің тізімінен де Гүлбахрамның есімін кездестіре алмадық.

Қорғансыз халге түскен жары Гүлбахрам мен жалғыз ұлы Аян басы ауған жаққа кете барады. Жол үстінде бала қатты ауырып, көз жұмады. Осылайша, Сәкен Сейфуллиннің шежіресі үзілді.

Кейін әйелі Гүлбахрам жақсылықтан үмітін үзбей Алматыдағы, Мәскеудегі құзыретті мекемелерге хат жазумен болды. Билікке хат жазу сол кездегі әділеттілікті іздеудің бір жолы еді. Бұл хаттардың барлығы архивтік-қылмыстық істе сақталыпты. 1940 жылы Қаз ССР ПХК-на жолдасының тағдыры туралы мәлімет сұрап хат жазса, 1956-1957 жж. КСРО Бас прокуроры

Р.А. Руденко^{1*} жолдасқа, КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н. А. Булганинге^{2*}, ҚазССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы В.В. Губинге^{3*} С. Сейфуллинді ақтауды сұрап хат жолдаған.

С. Сейфуллин 1957 жылы 21 наурызда ақталды. Алайда, әділеттілік іздеген Г. Сейфуллина 1958 жылы 27 қаңтарда С. Сейфуллинді партиялық тұрғыдан ақтауды сұрап Қазақстанның Орталық комитетіне өтініш жолдайды. Өтініш Қазақстан КП ОК жанындағы Партиялық комиссияда сол жылы 11 ақпанда қаралып, С. Сейфуллинді партиялық қатынаста қайтыс болғаннан кейін ақтау туралы шешім қабылдаған. Ақын жарының келесі хаттары С. Сейфуллиннің ардақты есімін халқына қайтару хақында екен. Бұл хаттар 1961 жылы ҚазССР Жоғары кеңесі Президиумының төрағасы И.Ш. Шариповке, ҚазССР МК жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы А. Арыстанбековке жолданған. Мұндағы басты өтініш - ҚазССР Орталық атқару комитетінің 1936 жылы 10 шілдеде қабылдаған қаулысының^{4*} күшін қалпына келтіру және тінту кезінде кәмпескеленген ақын қолжазбалары мен мүлкін қайтару. Алайда, хатқа берілген жауапта нақты шешім қабылданбағанын байқауға болады. Бірінші мәселе бойынша партияның ОК мен ҚазССР Министрлер кеңесіне жүгіну ұсынылса, ал екінші мәселе бойынша уақыттың өтуіне байланысты іздестіру жұмыстарының нәтиже бермегенін хабарлаған. Алайда, архивтік-тергеу ісінде тінту хаттамасына сәйкес толтырылған 2 тізбеде^{9*} сақталған. Сондай-ақ 1937 жылы 21 желтоқсанда әзірленген айыптау қорытындысының соңында 3 тармақтан тұратын анықтама берілген, соның бір тармағында тінту кезінде алынған заттар ІХК қоймасында сақталуда деп көрсетілген. 1956 жылы С. Сейфуллиннің тергеу ісіне қатысы бар деген ІХК қызметкерлері іздестіріліп, олардан осы мәселеге қатысты жауап алынған. Өкінішке орай, бірде-бір ІХК қызметкерлері кәмпескеленген ақын қолжазбалары мен мүлкі туралы ақпаратты білмейміз деген сөздерінен танбапты.

Гүлбахрам да өзімен тағдырлас Ә. Құлымбетова, Р. Асфендиярова, К. Майлина сияқты екінші рет тұрмысқа шықпастан 1973 жылы дүниеден өтті. Бір өкініштісі Гүлбахрамға көзі тірісінде Отанын сатқан отбасы мүшесі айыбынан арылу бұйырмапты. Тек тәуелсіздігіміздің арқасында Г. Сейфуллинаны ақтау туралы қаулы 1999 жылы 23 тамызда қабылданыпты. Өкінішке орай, әлі күнге дейін ақталмаған тоталитарлық саясат құрбандары қаншама десеңші!

Қорытынды. С. Сейфуллиннің қоғамдық-саяси қызметіне қатысты архив құжаттары оның советтік билікке жасаған қызметінен гөрі өзінің туған еліне сіңірген еңбегі, қызметі әлдеқайда ауқымды да көлемді екенін дәлелдейді. Атап айтсақ, патша заманынан қазақты «киргиз» атандырған саяси қателікті түзетуі, кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізуге бастамашылдық танытуы, қазақ жастарының тегін оқып, білім алуына жол ашуы, т. б. Сәкенді «халық жауы» деп айыптау үдерісінің бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде оны әшкерелеген мақалалар жариялау, партия қатарынан шығару арқылы жүзеге асырылғаны көрсетілді. Бұл биліктің «халық жауын» ұстап, қамауға алуға үлкен даярлықпен келгенінің дәлелі. С. Сейфуллинге тағылған айыптардың заңдық негізі жоқ, жалған екені негізделді. Тергеу материалдары қуғын-сүргін құрбандарына қатысты ұрып-соғу, түнімен ұйықтатпау т. с. с. заңсыз әрекеттердің қолданылғанын көрсетеді. Бұл қамаудағы адамнан алынған мойындау жауаптарының қысыммен, алдын ала дайындалған сұрақтардың негізінде алынғанын дәлелдей түседі.

Архивтік-қылмыстық істерді зерделеу барысында С. Сейфуллин отбасының қасіреті - әкесінің атылуы, жақын туыстарының қуғындалуы, т. б. бұрын жабық әрі жасырын қалып келген құжаттар негізінде анықталды. Қуғын-сүргін саясатының тетіктері зерттелді. Тергеу амалдарының әдістері нақтыланды. 1957 жылы С. Сейфуллиннің толық және ресми ақталуы оның қызметінде қылмыс құрамының болмағанын дәлелдеді. С. Сейфуллиннің архивтік-

^{1*} Руденко Р.А. 1953-1981 жж. КСРО бас прокуроры.

^{2*} Булганин Н.А. 1955-1958 жж. КСРО үкіметін басқарған.

^{3*} Губин В.В. 1954-1959 жж. ҚазССР СМ жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы

^{4*} Қаулы мәтіні мақалада берілген.

^{9*} Тізбе мақалада берілген.

қылмыстық ісінде сақталған хаттар оны ақтау үдерісіне әйелі Г. Сейфуллинаның көп еңбек сіңіргенін көрсетті.

С. Сейфуллин - кеңестік идеологияға қызмет етсе де, ұлттық мүддені бәрінен жоғары қойғаны үшін сол жүйенің құрбаны болған тұлға.

Sources

AP RK – Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
Fond 139 — Kyrgyz (Kazakh) Regional Committee of the RCP(b)
Fond 141 — Kazakh Territorial Committee of the AUCP(b)
Fond 352 — Archival Collection of Documents on Political Repressions of the 1920s–1950s of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan

Деректер

ҚР ПА - Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві
139-қор РК(б)П Қырғыз (Қазақ) облыстық комитеті
141-қор БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті
352-қор ҚР Ішкі істер министрлігінің XX ғ. 20-50 жж. саяси қуғын-сүргін құжаттарының архивтік коллекциясы

References

- Absemetov, 2006 — *Absemetov, M. O.* Saken Seifullin – Predsedatel Soveta Narodnykh Komissarov Kazakhstana (g. Orenburg, 1922–1924) (Saken Seifullin – Chairman of the Council of People’s Commissars of the Kazakh ASSR (Orenburg, 1922–1924)). Astana: Rukhpress, 2006. (In Russ.).
- Aldazhumanov, 1997 — *Aldazhumanov, K., Aldazhumanov, E.* Deportatsiia narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima (The Deportation of Peoples – A Crime of the Totalitarian Regime). Almaty: “XXI vek” Foundation, 1997. 16 p. (In Russ.).
- Allaniiazov, 2002 — *Allaniiazov, T.* Krestianskie vystupleniia 1929–1932 gg. v Kazakhstane: opyt i problemy izuchenii (Peasant Uprisings in Kazakhstan, 1929–1932: Experience and Challenges of Study). Almaty: “XXI vek” Foundation, 2002. 88 p. (In Russ.).
- Arendt, 1996 — *Arendt, Kh.* Istoki totalitarizma (The Origins of Totalitarianism). Moscow: TsentrKom. 1996. 672 p. (In Russ.).
- Baitürsynov, 2013 — *Baitürsynov, A.* Alty tomдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар. А. Бaitürsynұлы туралы құжаттар мен материалдар (Collection in 8 Volumes: Articles, Letters. Documents and Materials on A. Baitursynuly). Almaty: El-šejire, 2013. 384 p. (In Kaz.).
- Bulatova, 2013 — *Bulatova, D.* Espolov. 90 let spustia: Zabytaia glava Alash-Ordya (90 Years Later: The Forgotten Chapter of Alash Orda). Almaty: Umit, 2013. 232 p. (In Russ.).
- Bzhezinskii, Fridrikh, 1993 — *Bzhezinskii, Z., Fridrikh, K.* Totalitarnaia diktatura i avtokratiia (Totalitarian Dictatorship and Autocracy). Moscow: INION, 1993. 415 p. (In Russ.).
- Dilmanov, 2002 — *Dilmanov, S. D.* Ispravitelno-trudovye lageria NKVD-MVD SSSR na territorii Kazakhstana (30-e – 50-e gody KhKh veka) (The NKVD–MVD Corrective Labor Camps in the Territory of Kazakhstan (1930s–1950s, 20th Century)). Almaty: (No publisher indicated), 2002. 344 p. (In Russ.).
- Dzhuanyshbekov, 2000 — *Dzhuanyshbekov, N.* Saken Seifullin. Ocherk zhizni i tvorchestva (Saken Seifullin: An Essay on Life and Works). Almaty, 2000. (In Russ.).
- Käken, 2004 — *Käken, A.* Qazaqtyñ Säkeni (Saken the Kazakh). Astana: The World of Parasat, 2004. 328 p. (In Kaz.).
- Käken, 2019 — *Käken, A.* Säken aqiqaty (The Truth About Saken). Nur-Sultan: 2019. 144 p. (In Kaz.).
- Käkenov, 1996 — *Käkenov, A.* Säken şyndyğyn dittegende nemese NKVD qūjattary şertken syr: derekti hikaia. Poslednie dni Sakena, ili o chem povedali arhivnye dokumenty NKVD (When the Truth About Saken Was Told, or the Secrets Hidden in NKVD Documents: The Last Days of Saken and What the NKVD Archival Records Revealed). Almaty: “Qalamger” Creative Workshop, 1996. 92 p. (In Kaz.).
- Käkişev, 1968 — *Käkişev, T.* Qyzyl süñqar (The Red Falcon). Alma-Ata, 1968. (In Kaz.).
- Käkişev, 1976 — *Käkişev, T.* Säken Seifullin: Önegeli ömir (Saken Seifullin: A Remarkable Life). Almaty: Jalyn, 1976. 320 p. (In Kaz.).
- Käkişev, 1989 — *Käkişev, T.* Säken Seifullin (Saken Seifullin). Almaty: Mektep, 1989. 88 p. (In Kaz.).
- Käkişev, 1997 — *Käkişev, T.* Säkeniñ sotı: qūjatty hikaia (Saken’s Trial: A Documentary Account). Almaty: Baspager, 1994. 95 p. (In Kaz.).
- Käkişev, 2005 — *Käkişev, T.* Säken Seifullin (Saken Seifullin). Almaty: Rauan, 1997. 384 p. (In Kaz.).
- Käkişuly, 2005 — *Käkişuly, T.* Dala dauylpazy. Ğumyrnama (Dala Dauylpazy: Life Story). Almaty: Qazyğürt, 2005. 408 p. (In Kaz.).
- Kalybekova, 2008 — *Kalybekova, M.* Istoriia deportirovannykh narodov Kazakhstana (1937–1956 gg.) (The History of Deported Peoples of Kazakhstan (1937–1956)). Almaty: LEM, 2008. 187 p. (In Russ.).

- Konkvest, 1991 — *Konkvest, R.* Bolshoi terror (The Great Terror). Riga: Rakstnieks, 1991. 414 p. (In Russ.).
- Kozybaev, 2019 — *Kozybaev, I. M.* "Bolshoi terror" v Kazakhstane (The Great Terror in Kazakhstan). Almaty: Raritet, 2019. 368 p. (In Russ.).
- Kukushkina, 2002 — *Kukushkina, A.* Akmolinskii lager zhen izmennikov Rodiny. Istoriia i sudby (The Akmolinsky Camp for the Wives of Traitors to the Motherland: History and Fates). Karaganda: (No publisher indicated). 2002. 184 p. (In Russ.).
- Kydyralina, 2015 — *Kydyralina, Zh.* Alimkhan Ermekov: sudba i vremia (Alimkhan Ermekov: Fate and Time). Astana: Foliant, 2015. 440 p. (In Russ.).
- Nūrpeisov, 1995 — *Nūrpeisov, K.* Alaş hām Alaşorda (Alash and Alash Orda). Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (in Kaz.).
- Omarbekov, 1997 — *Omarbekov, T.* 20-30 jyldardaǵy Qazaqstan qasireti (The Tragedy of Kazakhstan in the 1920s–1930s). Almaty: Sanat, 1997. 320 p. (In Kaz.).
- Omarbekov, 2018 — *Omarbekov, T.* 20-30 jj. Halyq köterılısteri: Zertteu (Popular Uprisings of the 1920s–1930s: A Study). Almaty: "Arys" Printing house, 2018. 480 p. (In Kaz.).
- Qirabaev, 1962 — *Qirabaev, S.* Säken Seifullin: tvorchestvolıyq joly (Saken Seifullin: The Path of Creativity). Alma-Ata, 1962. (In Kaz.).
- Qirabaev, 1974 — *Qirabaev, S.* Säken Seifullin (Saken Seifullin). Almaty: Jazuşy, 1974. 432 p. (In Kaz.).
- Qozybaev, 1994 — *Qozybaev, M.* Jaudy şaptym tu bailap (I Defeated the Enemy by Binding Him). Almaty: Qazaqstan, 1994. 192 p. (In Kaz.).
- Salqynbek, 2013 — *Salqynbek, D.* Qairatker Ydyrys Müstambaiüly (Kairatker Ydrys Mustambayuly). Almaty: QazUTU, 2013. 278 p. (In Kaz.).
- Shaimukhanov, Shaimukhanova, 1997 — *Shaimukhanov, D.A., Shaimukhanova, S.D.* Karlag (Karlag). Almaty: (No publisher indicated), 1997. 177 p. (In Russ.).
- Şoqai, 1999 — *Şoqai, M.* Tañdamaly (Selected Works). Almaty: Qainar, 1999. Vol. 2. 519 p. (In Kaz.).
- Syrsandyq, 2016 — *Syrsandyq.* Birinşı kitap: estelikter, maqalalar, eseler (Syrsandyq. Volume One: Memoirs, Articles, Essays). Astana, 2016. 520 p. (In Kaz.).
- Ysmaiılov, 1958 — *Ysmaiılov, E.* Säken Seifullin revolüsiıner aqyn (Saken Seifullin: Revolutionary Poet). Almaty, 1958. 67 p. (In Kaz.).
- Zhanbosinova, 2020 — *Zhanbosinova, A. S.* Proshu sniat s menia nezasluzhennoe kleimo 58-i statı: ego-dokumenty v istorii politicheskogo terrora v Kazakhstane (I Request the Removal of the Undeserved Stigma of Article 58: Its Documents in the History of Political Terror in Kazakhstan). Semei: Intellect, 2020. 580 p. (In Russ.).

Әдебиеттер

- Абсеметов, 2006 — *Абсеметов М.О.* Сакен Сейфуллин – Председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922–1924). Астана: Рухпресс, 2006.
- Алдажуманов, 1997 — *Алдажуманов К., Алдажуманов Е.* Депортация народов – преступление тоталитарного режима. Алматы: Фонд «XXI век», 1997. 16 с.
- Алланиязов, 2002 — *Алланиязов Т.* Крестьянские выступления 1929–1932 гг. в Казахстане: опыт и проблемы изучения. Алматы: Фонд «XXI век», 2002. 88 с.
- Арендт, 1996 — *Арендт Х.* Истоки тоталитаризма. Москва: ЦентрКом. 1996. 672 с.
- Байтұрсынов, 2013 — *Байтұрсынов А.* Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар. А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. Алматы: Ел-шежіре, 2013. 384 б.
- Бжезинский, Фридрих, 1993 — *Бжезинский З., Фридрих К.* Тоталитарная диктатура и автократия. Москва: ИНИОН, 1993. 415 с.
- Булатова, 2013 — *Булатова Д.* Есполов. 90 лет спустя: Забытая глава Алаш-Орды. Алматы: Уміт, 2013. 232 с.
- Джуанышбеков, 2000 — *Джуанышбеков Н.* Сакен Сейфуллин. Очерк жизни и творчества. Алматы, 2000.
- Дильманов, 2002 — *Дильманов С. Д.* Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е – 50-е годы XX века). Алматы: (б. и.), 2002. 344 с.
- Жанбосинова, 2020 — *Жанбосинова А. С.* Прошу снять с меня незаслуженное клеймо 58-й статьи: эго-документы в истории политического террора в Казахстане. Семей: Интеллект, 2020. 580 с.
- Калыбекова, 2008 — *Калыбекова М.* История депортированных народов Казахстана (1937–1956 гг.). Алматы: LEM, 2008. 187 с.
- Кәкішев, 1968 — *Кәкішев Т.* Қызыл сұңқар. Алма-Ата, 1968.
- Кәкішев, 1976 — *Кәкішев Т.* Сәкен Сейфуллин: Өнегелі өмір. Алматы: Жалын, 1976. 320 б.
- Кәкен, 2004 — *Кәкен А.* Қазақтың Сәкені. Астана: Парасат Әлемі, 2004. 328 б.
- Кәкен, 2019 — *Кәкен А.* Сәкен ақиқаты. Нұр-Сұлтан: «Big Dream» ЖШС, 2019. 144 б.
- Кәкенов, 1996 — *Кәкенов А.* Сәкен шындығын діттегенде немесе НКВД құжаттары шерткен сыр: деректі хикая. Последние дни Сакена, или о чем поведали архивные документы НКВД. Алматы: «Қаламгер» шығармашылық ақсаы, 1996. 92 б.
- Кәкішев, 1989 — *Кәкішев Т.* Сәкен Сейфуллин. Алматы: Мектеп, 1989. 88 б.
- Кәкішев, 1997 — *Кәкішев Т.* Сәкеннің соты: құжатты хикая. Алматы: Баспагер, 1994. 95 б.
- Кәкішев, 2005 — *Кәкішев Т.* Сәкен Сейфуллин. Алматы: Рауан, 1997. 384 б.

- Кәкішұлы, 2005 — *Кәкішұлы Т.* Дала дауылпазы. Ғұмырнама. Алматы: Қазығұрт, 2005. 408 б.
- Козыбаев, 2019 — *Козыбаев И. М.* «Большой террор» в Казахстане. Алматы: Раритет, 2019. 368 с.
- Конквест, 1991 — *Конквест Р.* Большой террор. Рига: Ракстниекс, 1991. 414 с.
- Кукушкина, 2002 — *Кукушкина А.* Акмолинский лагерь жен изменников Родины. История и судьбы. Караганда: (б. и.). 2002. 184 с.
- Кыдыралина, 2015 — *Кыдыралина Ж.* Алимхан Ермеков: судьба и время. Астана: Фолиант, 2015. 440 с.
- Қирабаев, 1962 — *Қирабаев С.* Сәкен Сейфуллин: творчестволық жолы. Алма-Ата, 1962.
- Қирабаев, 1974 — *Қирабаев С.* Сәкен Сейфуллин. Алматы: Жазушы, 1974. 432 б.
- Қозыбаев, 1994 — *Қозыбаев М.* Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 192 б.
- Нұрпейісов, 1995 — *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.
- Омарбеков, 1997 — *Омарбеков Т.* 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Омарбеков, 2018 — *Омарбеков Т.* 20-30 жж. халық көтерілістері: Зерттеу. Алматы: «Арыс» баспасы», 2018. 480 б.
- Салқынбек, 2013 — *Салқынбек Д.* Қайраткер Ыдырыс Мұстамбайұлы. Алматы: ҚазҰТУ, 2013. 278 б.
- Сырсандық, 2016 — *Сырсандық.* Бірінші кітап: естеліктер, мақалалар, эсселер. Астана, 2016. 520 б.
- Шаймуханов, Шаймуханова, 1997 — *Шаймуханов Д. А., Шаймуханова С. Д.* Карлаг. Алматы: (б. и.), 1997. 177 с.
- Шоқай, 1999 — *Шоқай М.* Таңдамалы. Алматы: Қайнар, 1999. Т. 2. 519 б.
- Ысмайылов, 1958 — *Ысмайылов Е.* Сәкен Сейфуллин революционер ақын. Алматы, 1958. 67 б.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A., Khumarzakh A., Kara A. THE LETTER OF GÜYÜK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE	608
---	-----

HISTORY

Batyrbayeva M., Dönninghaus V. THE HISTORY OF THE FORMATION OF CIVIL AVIATION IN KAZAKHSTAN (1920–1940)	626
Bekenova A.A., Mukhatova O.Kh. COMBATING CRIME AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S	642
Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A. THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)	659
Zhirenov A.A., Kalan E. EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK "TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH"	677
Kapbarova G.Sh., Amirbek A.A., Gündogdu A. SETTLEMENT AND SOCIAL ADAPTATION OF KANDAS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN: REGIONAL DYNAMICS AND THE IMPACT OF MIGRATION POLICY (2000–2023)	689
Kapayeva A.T., Kassymova D.B., Konkabayeva A.N. SOCIAL POLICY AND WOMEN'S HEALTH IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S: A HISTORICAL-SOCIAL ANALYSIS	705
Mamytova S.N., Shayakhmet N.U., Batalov K.K. USE OF SNOW AND SNOW RETENTION PRACTICES IN THE ECONOMY OF THE KAZAKHS IN THE IRTYSH REGION (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)	725
Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN	738
Ospanova R.R., Murzakhodzhayev K. ACTIVITIES OF SECULAR AND MUSLIM EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE SEMIRECHYE REGION AT THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES (INTERDISCIPLINARY ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)	753
Saktaganova Z.G., Zhagypar A.B., Baigozhina G.M. OME ASPECTS OF "DISSENT" AMONG THE YOUTH OF KARAGANDA IN 1940–1945	772
Satenova M., Shotanova G., Zhetpisbay N. ON THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC ARCHEOGRAPHY BASED ON DOCUMENTARY PUBLICATIONS OF THE 18TH–19TH CENTURIES	789
Toraigyrov E.M., Dzhumashev A.M. THE ZHATAKS OF THE IRTYSH REGION AND THE TEN-VERST BELT IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES	806
Tuleshova U.Zh., Galimov E.A. IMPERIAL POWER AND QAZAQ ELITES: MAIN DIRECTIONS OF THE HISTORIOGRAPHICAL STUDY OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ	821
Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT	840
Cherepanov K.V., Omarova G.A., Ualtaeva A.S. THE FORMATION OF ALMATY AS THE POLITICAL CENTER OF KAZAKHSTAN (1920S–30S)	854
Shashayev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION	876

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Razdykov S.Z., Sydygaliyev S.M., Khainazarov B.B. ONOMASTIC ELEMENTS OF SUFI ORIGIN IN THE GENEALOGY OF KAZAKH CLANS IN THE XIV–XV CENTURIES	892
Samashev S.K., Sapashev O.S., Seitkhanuly Sh. TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA	908
Sapatayev S.A., Kartayeva T.E., Orynbasar B.K. SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS	926

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Қара Ә.	
КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	608

ТАРИХ

Батырбаева М., Дёнингхаус В.	
ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (1920–1940 ЖЖ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О. Х.	
1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ –	
БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС	642
Берлібай Е., Жұбанышов Б., Сманова А.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)	659
Жиренов А.А., Калан Э.	
«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гүндоғду А.	
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ	
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ДИНАМИКАСЫ	
ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ӘСЕРІ (2000–2023 ЖЖ.)	689
Қапаева А.Т., Қасымова Д.Б., Қоңқабаева А.Н.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ	
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	705
Мамытгова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов Қ.Қ.	
ЕРТІС ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА	
ҚАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАР ТОҚТАТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	725
Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев Қ.	
XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫ	
ЖӘНЕ МҮСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
(АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ)	753
Сақтағанова З.Ғ., Жағыпар Ә.Б., Байгожина Г.М.	
1940–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ	
«ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУДЫҢ» КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетпісбай Н.	
XVIII–XIX ҒҒ. ҚҰЖАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР НЕГІЗІНДЕГІ ОТАНДЫҚ	
АРХЕОГРАФИЯНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	789
Торайғыров Е.М., Джумашев А.М.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ	
ЕРТІС ӨңІРІ МЕН ЕРТІС ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ БЕЛДЕУІНДЕГІ ЖАТАҚТАР.....	806
Түлешова Ұ.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ БІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ БІЛЕУШІ	
СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫН ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	821
Түрсүн Х. М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г. М.	
МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
АЛМАТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–30 ЖЖ.)	854
Шашаев Ә.К., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздықов С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ	
СОПЫЛЫҚ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР.....	892
Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш.	
МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ.....	908
Сапатаев С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ.	
ШУ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ	
МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ	926

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Кара А.	
ПИСЬМО ХАНА ГУЮКА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК	608

ИСТОРИЯ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1940 ГГ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О.Х.	
БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ	
В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ	642
Берлибай Е., Жубанышов Б., Сманова А.	
ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)	659
Жиренов А.А., Калан	
ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гюндоду А.	
РАССЕЛЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ:	
РЕГИОНАЛЬНАЯ ДИНАМИКА И ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ (2000–2023 ГГ.)	689
Капаева А.Т., Касымова Д.Б., Конкабаева А. Н.	
СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И ЖЕНСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-Е ГГ.:	
ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ.....	705
Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов К.К.	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СНЕГА И ПРАКТИКИ СНЕГОЗАДЕРЖАНИЯ В ХОЗЯЙСТВЕ	
КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)	725
Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М.	
ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА.....	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СВЕТСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ	
В РЕГИОНЕ СЕМИРЕЧЬЕ НА РУБЕЖЕ XIX И XX ВЕКОВ (МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ	
АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ).....	753
Сактаганова З. Г., Жагыпар А.Б., Байгожина Г.М.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ИНАКОМЫСЛИЯ»	
СРЕДИ МОЛОДЁЖИ КАРАГАНДЫ В 1940–1945 ГОДАХ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетписбай Н.	
О РАЗВИТИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ АРХЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ	
ПУБЛИКАЦИЙ XVIII–XIX ВВ.	789
Торайгыров Е.М., Джумашев А.М.	
ЖАТАКИ ПРИИРТЫШЬЯ И ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ ПОЛОСЫ	
ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	806
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И КАЗАХСКАЯ ЭЛИТА: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ	
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ	
МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	821
Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М.	
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
ФОРМИРОВАНИЕ АЛМА-АТА КАК ПОЛИТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА КАЗАХСТАНА (1920–30-Е ГГ.)	854
Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА	
В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздыков С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ СУФИЙСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ	
В ГЕНЕАЛОГИИ КАЗАХСКИХ РОДОВ XIV–XV ВВ.....	892
Самашев С.К., Сапашев О.С., Сейитханулы Ш.	
ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ	908
Сапатаев С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К.	
СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА	926

ASIAN JOURNAL «STEPPE PANORAMA»
2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй